

Астана қаласының "Есіл" ауданы аумағында мемлекеттік мекемелер құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1316 Қаулысы
"Қазақстан Республикасының елордасы - Астана қаласында "Есіл" ауданын құру
туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 5 тамыздағы N 637
Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. М ы н а л а р құ р ы л с ы н :

1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Әділет және Ішкі істер
министрліктерінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелері:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Астана қаласының
Төтенше жағдайлар департаменті "Есіл" ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Астана қаласының Әділет
департаменті "Есіл" ауданының Әділет басқармасы;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Астана қаласының Ішкі істер
департаменті "Есіл" ауданының Ішкі істер басқармасы;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық
көмек көрсету комитетінің мемлекеттік мекемесі - Астана қаласы "Есіл" ауданының
Халыққа қызмет көрсету орталығы.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Әділет және Ішкі істер
министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекемелер туралы ережелерді бекітсін және олардың әділет
органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

4. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

2008 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1316 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 N 938 қаулысымен.**

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 214-1-жолмен толықтырылсын:

"214-1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Астана қаласының Әділет департаменті "Есіл" ауданының Әділет басқармасы";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-1-жолмен толықтырылсын:

"21-1. "Астана қаласы "Есіл" ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 25, 311-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдары - мемлекеттік мекемелерінің тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 19-3-жолмен толықтырылсын:

"19-3. Астана қаласының Ішкі істер департаменті "Есіл" ауданының Ішкі істер басқармасы".

4. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

реттік нөмірі 3-жолда:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:" деген жолда 3-бағандағы "21678" деген сандар "21791" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне ведомстволық

бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:" деген жолда 3-бағандағы "17733" деген сандар "17846" деген сандармен ауыстырылсын;

"Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі, оның ішінде өртке қарсы қызмет органдарының қызметкерлері" деген жолда 3-бағандағы "15200", "15200" деген сандар "15313", "15313" деген сандармен ауыстырылсын.